



Автор: ЖУМАДИЛОВА МЕРУЕРТГУЛЬ ШИЛИКБАЕВНА

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Қиял әлемі

Тақырып: "Ғажайып планета"

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұның түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; 5.4.2.2. зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану
Сабақтың мақсаты:	5Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұның түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; 5.4.2.2. зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану
Тілдік мақсаттар:	Зат есімнің мағыналық түрлерін ажырату
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Жұптық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	«Ғажайып планета» туралы видеолар
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Сабақ таныстырылымы
Пәнаралық байланыс:	География , қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Психологиялық ахуал қалыптастыру: Өткен тақырыпты қайталап, үй тапсырмасын «Ыстық доп» әдісі арқылы сұрау.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Білу және түсіну «Сақина салмақ ойыны» Балалар біз бүгін сақина салмақ ойынын ойнаймыз. Бұл ойынның бүгінгі ерекшелігі кімнің қолында сақина қалса менің сұрағыма жауап береді? Зат есім дегеніміз не? Зат есім мағынасына қарай ажыратыңыз? Зат есім тұлғасына қарай нешеге бөлінеді? Зат есім танылуына қарай нешеге бөлінеді? Ережесін айтып беріңіз, мысал келтіріңіз? Деректі зат есім дегеніміз не? Жалқы зат есім дегеніміз не?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Қолдану АКТ арқылы «Ғарыш әлемі» тақырыбы бойынша мәліттерді тамашалаймыз. (https\ www.youtube.watch?v=n-khlCFOpzQ Мәліметтердегі негізгі ақпараттарды ,ұсынылған иллюстрациялардың тақырыпқа қатысын анықтау. Талдау Талап Сұлтанбековтың «Ғажайып планета» әңгімесіннен үздіні оқыту. Септік жалғаулары –зат пен зат , қимыл арасындағы (мекендік, мезгілдік, мөлшерлік, себептік қатынастарды білдіріп, сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшалар. Қазақ тілінде жеті септік бар. Атау, ілік,барыс,табыс,жатыс,шығыс,көмектес септіктері Септік жал-ғауларының аты Сұраулары Жай септіктің сұраулары Тәуелдік септік сұраулары 1 Атау кім? не? кімім? кімің? кіміңіз? кімі? нем? нең? неңіз? несі? 2 Ілік кімнің? ненің? кімімнің? кіміңнің? кіміңіздің? кімінің? немнің? неңнің? неңіздің? несінің? 3 Барыс кімге? неге? қайда? кіміме? кіміңе? кіміңізге? кіміне? неме? неңе? неңізге? несіне? 4 Табыс кімді? нені? кімімді? кіміңді? кіміңізді? кімін? немді? неңді? неңізді? несін? 5 Жатыс кімде? неде? қайда? кімімде? кіміңде? кіміңізде? кімінде? немде? неңде? неңізде? несінде? 6 Шығыс кімнен? неден? кімімнен? кіміңнен? кіміңізден? кімінен? немнен? неңнен? неңізден? несінен? 7 Көмектес кіммен? немен? кіміммен? кіміңмен? кіміңізбен? кімімен? неммен? неңмен? неңізбен? несімен? «Түртіп алу» стратегиясы Мәтіннен септік жалғаулары бар сөздерді теріп жаз және қай септік екенін ажырату.	
Сабақтың соңы	«Кім жылдам» әдісі. Ғарыш,аспан,Байқоңыр, өмір сөздерін септеңдер.	
Рефлексия	Өзін-өзі бағалау	